

БІЗ ТХКБ БОЙЫНША ЖҮК ТАСЫМАЛЫН 10 МИЛЛИОН ТОННАҒА ДЕЙІН ЖЕТКІЗУГЕ МҮДДЕЛІМІЗ. ОСЫ МАҚСАТТА АТАЛҒАН ДӘЛІЗГЕ ҚАТЫСТЫ ЕЛДЕРМЕН БІРГЕ "ТАР" ЖЕРЛЕРДІ БІРЛЕСЕ ЖОЮ ЖӘНЕ ДӘЛІЗДІ ДАМУ ТУРАСЫНДА 2022-2027 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ЖОЛ КАРТАСЫ" ҚАБЫЛДАНЫП, ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА.

Әлихан СМАЙЫЛОВ,  
ҚР Премьер-министрі



№52 (2869)  
30/06/2023

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

## ҚТЖ: ПЛАНЫ ПО ОСНОВНЫМ ПРОИЗВОДСТВЕННЫМ ПОКАЗАТЕЛЯМ ВЫПОЛНЕННЫ

В Астане состоялось открытое заседание Общественного совета «Самрук-Қазына» под председательством Болат Жамишева, посвященное деятельности фонда в 2022 году.

**Асель ШАЙХИНОВА,**  
Астана

На заседании выступили представители крупнейших портфельных компаний группы «Самрук-Қазына», в том числе председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Нурлан Сауранбаев. Общественный совет «Самрук-Қазына» по достоинству оценил работу фонда в 2022 году в общем и работу АО «НК «ҚТЖ» в частности.

Представители «Самрук-Қазына» заявили, что в целом группа компаний фонда оказывает значительный экономический эффект на экономику Казахстана. Он составляет около 7,55 триллиона тенге. В эту сумму входят налоги в госбюджет, выплаты правительству как акционеру, инвестиционные проекты, закупки у казахстанских производителей и другие показатели.

Заседание Общественного совета «Самрук-Қазына» традиционно прошло в открытом формате с привлечением внешних экспертов. Их интересовали такие аспекты работы фонда, как дивиденды правительству Казахстана, закупки, социальная ответственность. Например, Алуа Жолдыбалына из Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК подняла проблему задержек поездов.

В ответ на это замечание озвучено, что для кардинального решения данного вопроса в компании ведутся переговоры с немецкой компанией Deutsche Bahn, чтобы они взяли в управление пассажирские перевозки, внедряя высокие европейские стандарты. Также отмечено, что при АО «Пассажирские перевозки» планируется создать общественный совет, который будет защищать



интересы граждан и вносить свои предложения. В целом национальная компания выполнила планы по основным производственным показателям. По железной дороге страны сегодня перевозят 15% пассажиров и 50% груза. ҚТЖ транспортирует стратегические грузы и те, что необходимы для покрытия основных потребностей общества.

– В последние годы мы наблюдаем исторический максимум грузооборота в Казахстане. В среднем рост идет на 5-6% ежегодно, и на сегодняшний день инфраструктура испытывает большую нагрузку. Для бесперебойной работы железной дороги дополнительно строятся четыре линии в центре, на юге и востоке Казахстана. Также планируется проложить вторые пути на четырех однопутных участках в разных регионах страны. Еще в планах компании закупить 458 локомотивов, – рассказал Нурлан Сауранбаев.

В ҚТЖ также большое внимание уделяется социальному положению сотрудников. Компания

обеспечивает медицинское страхование, выплаты пособий и материальной помощи и многое другое. Благодаря этому текучесть кадров по группе компаний минимальна, а уровень удовлетворенности персонала условиями труда растет.

В целом в 2022 году компании «Самрук-Қазына» возобновили устойчивый рост. Об этом свидетельствует улучшение финансовых показателей. Выручка группы «Самрук-Қазына» по итогам 2022 года составила 14 785 миллиардов тенге. Это на 26% больше, чем в 2021 году. Чистая прибыль достигла рекордных 1 922 миллиардов тенге. Это на 18% больше, чем годом ранее.

– Сегодня мы постарались рассказать о той работе, которую ведут компании группы фонда, и о том эффекте, который они оказывают на социально-экономическое развитие нашей страны. Я хотел бы поблагодарить участников за сегодняшнюю работу, – подытожил Болат Жамишев.

Фото Александра ЖАБЧУКА

### БЕЙНЕКАМЕРАМЕН ЖАБДЫҚТАЛУДА



Қауіпсіздік деңгейін арттыру мақсатында «ҚТЖ» ҰК» АҚ магистральдық желі дирекциясы темір жол өткелдерін бейнегіркеу жүйесі құралдарымен жабдықтау бойынша жұмыстар жүргізуде.

Жыл басынан бері Ақмола, Қарағанды, Жамбыл, Семей және Алматы өңірлеріндегі қозғалысы жиі 10 темір жол өткеліне «Бүркіт» бейнебақылау аппараттық-бағдарламалық кешендері пилоттық режимде орнатылды.

Мамандардың айтуынша, бейнекамералармен жабдықтау өткелдердегі апаттылықты азайтып, автокөлік иелерінің көлік жүргізу мәдениетін арттыруға септік етеді. Маселен, Астана станциясындағы өткелде (805 км) бейнекамера орнатылғалы жол қауіпсіздігі ережесін бұзу фактілері 4-5 есе азайған.

Дирекция мамандарының мәліметінше, жыл соңына дейін бейнегіркеу жүйелері 50 теміржол өткеліне орнатылады. Бұл дегеніміз, теміржол бойындағы өткелдерде қауіпсіздікті айтарлықтай жақсартып, апатты жағдайлардың алдын алуға септігін тигізбек.

Ұлан ОРАЗ

### ІШКІ ТЕКСЕРУЛЕР ЖҮРГІЗІЛУДЕ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет бірлесе отырып ұлттық компания қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша жұмыстар жүргізуде.

Жыл басынан бері жүргізілген ішкі тексерулер барысында «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыз бригадалары қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық бойынша құқықбұзушылық фактілері анықталған. Аталған тексеру нәтижелері тиісті процессуалды шешімдер қабылдау үшін дер кезінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке жолданды.

Қызмет пен сервис сапасын және теміржол саласына деген сенімді төмендетуге жол бермеу үшін «Жолаушылар тасымалы» АҚ сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейтуге үлес қосады және алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, ескерту бойынша қазақстандық, халықаралық стандарттар арқылы ұсынылған қосымша міндеттемелер алады.

«Жолаушылар тасымалы» АҚ башылығы компанияда кез келген сыбайлас жемқорлық белгілеріне мүлдем төзбеушілік ахуалын қалыптастыруда нақты және бұлтартпасыз бағыт ұстананды» деп хабарлайды қоғамның баспасөз қызметі.

Райхан ПАХМЕТОВА

## Обучение

### «ПЕРВАЯ ЛИНИЯ»: ПОСТОЯННОЕ РАЗВИТИЕ

Модульная программа обучения «Алғы шеп» – «Первая линия» для главных инженеров регионального уровня завершила свою работу в Астане.

**Любовь РОББА,**  
Астана

Предпосылкой для внедрения пилотного проекта, разработанного HR-службой АО «НК «ҚТЖ» совместно с Samruk Business Academy, стала необходимость внедрения новых подходов в системе обучения и развития компетенций производственных руководителей ответственных за улучшение уровня производственной безопасности и повышение социальной стабильности в трудовых коллективах компании.

Трехмодульное обучение

в филиале компании «Центр оценки и развития персонала железнодорожного транспорта» прошли 33 главных инженера регионального уровня Дирекции магистральной сети, хозяйства грузовых и пассажирских перевозок. В течение двух месяцев они развивали свои профессиональные и личностно-деловые компетенции. Программа стала площадкой для нетворкинга и обмена опытом. Во время первого модуля слушатели изучали вопросы бережливого производства, культуры безопасности и охраны труда, пожарной,



электро- и антитеррористической безопасности, тонкости закупочной деятельности и управления запасами. Специальный тренинг был посвящен развитию производственных отношений IR (Industrial Relations). Не менее насы-

щенным и полезным стал второй модуль с получением возможности развития цифровые навыки, погрузиться в основы профайлинга, ESG, расширить знания норм трудового законодательства и метрологии.

(Продолжение на 3-й стр.)

## АСТАНАҒА ЭКСКУРСИЯЛЫҚ ТУР ҰЙЫМДАСТЫРДЫ

«Қазкөліккәсіп» ҚБ жылдағыдай жазғы маусымда теміржолшылардың балаларына арнап Астанада экскурсиялық тур ұйымдастырды. Турдың бірінші кезеңі 27-29 маусым аралығында өтіп, оған Маңғыстау, Ақмола, Қызылорда, Павлодар және Шығыс Қазақстан мен Семей облыстарынан келген 60 бала қатысты.

**Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,**  
Астана

Үш күндік сапардан тұратын турға теміржолшылар арасында қызмет ететін көп балалы, аз қамтылған отбасылардан шыққан 10-13 жас аралығындағы балалар іріктелді. Олардың елордаға келгеннен кейін қонақүйде тұруы, үш мезгіл тамағы, қалада серуендеуі, қарсы алу, шығарып салу, т.т. шығындары Сала кәсіподағы арқылы қаржыландырылады.

Астанаға саяхат кезінде балалар алдымен «Бәйтерек» монументін тамашалап, сосын

Есіл өзенінде кемемен серуендеді, пицца дайындау бойынша шеберлік сабағына қатысып, фитнес орталықтағы бассейнге барды. Турдың екінші күнінде олар қаладағы кинотеатрлардың бірінен кино көрді, ал түстен кейін Океанариум мен Ұлттық музейді аралады. Кешке балаларға ойын, ән мен би және жарыстардан тұратын аниматорлардың шоу бағдарламасы ұсынылды. Ал соңғы күні олар ЭКСПО аймағындағы «Нұр Әлем» болашақтың музейіне барып, Астанадағы сапарын аяқтады. Осы жолғы экскурсия кезінде «Қазкөліккәсіп» ҚБ төрағасы Оразғали



Ахметбаев балалармен кездесіп, оларға уақыттарын көңілді өткізіп, жақсы демалуларына тілек білдірді.

– Астанаға саяхат – 2019 жылдан бері дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатыр. Бұл бірінші кезекте теміржолдың дамуы үшін аянбай еңбек етіп, маңдай терін төгіп жүрген сендердің ата-аналарыңның арқасы. Осы саяхаттан ерекше әсер алып,

жақсы көңіл-күймен қайтасындар деп ойлаймын. Алдағы жаңа оқу жылына жаңа күш-қуатпен кірісіп, сабақтарыңды жақсы оқып, оқуда озат болуларыңа тілектеспін, – деді кәсіподақ башысы.

Мұндай танымдық турдың екінші кезеңін кәсіподақ өкілдері биыл тамыз айында өткізуді жоспарлап отыр.

Суретті түсірген автор



**МАРЛЕН КОКРЕКБАЕВ,**  
и.о. генерального директора  
ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки»:

ОБЕСПЕЧЕНИЕ БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ НЕВОЗМОЖНО БЕЗ СТРОГОГО СОБЛЮЖДЕНИЯ ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЙ И ТРУДОВОЙ ДИСЦИПЛИНЫ, ТРЕБОВАНИЙ НОРМАТИВНОЙ ДОКУМЕНТАЦИИ. И ЭТА РАБОТА ДОЛЖНА БЫТЬ СИСТЕМОЙ

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

С НАЧАЛА ГОДА БОЛЕЕ

**100**

ЛОКОМОТИВОВ ПРИНАДЛЕЖНОСТИ АО «НК «ҚТЖ» ПРОШЛИ КРУПНЫЕ ВИДЫ РЕМОНТА В ФИЛИАЛАХ ТОО «ҚАМҚОР ЛОКОМОТИВ»

НА СЕГОДНЯ ПРОПУСКНАЯ СПОСОБНОСТЬ ПОРТОВ АКТАУ И КУРЫК ПРЕВЫШАЕТ

**20** МЛН ТОНН

С НАЧАЛА ТЕКУЩЕГО ГОДА В АЛМАТИНСКОМ ЭКСПЛУАТАЦИОННОМ ВАГОННОМ ДЕПО К ТЕХНИЧЕСКОМУ ОСМОТРУ ПРЕДЪЯВЛЕНО БОЛЕЕ

**25** ТЫСЯЧ

ПАССАЖИРСКИХ И ГРУЗОВЫХ ПОЕЗДОВ



## ЕҢБЕК ҚОРҒАУ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

**Сабырхан НӘДІРБАЕВ,**  
Қазалы



Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты мекемелердің бас инженерлері мен еңбек қорғау инженерлерінің қатысуымен семинар өтуде.



Қазалы белгі беру және байланыс дистанциясында өтіп жатқан семинар «Еңбекті қорғау және оның тәуекелдері» тақырыбы аясында өрбіді. Басқосуда еңбек қорғау мамандары тарапынан әзірленген баяндамалар тыңдалып, ұсыныс-пікірлері айтылып, жиналғандар өзара тәжірибе алмасуда.

Семинарда Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Берік Бекжанов, «Қазкөлікәсіп» ҚБ филиалы төрағасы Бауыржан Ахметов, Қызылорда облыстық бақылау басқармасының мемлекеттік еңбек инспекторы Айдос Асқарұлы және мекемелердің бас инженерлері мен еңбек қорғау инженерлері, сонымен қатар Шиелі вокзалының бастығы Алматы Досымов, аймақтағы бірқатар Қалпына келтіру, Өрт сөндіру пойыздарының басшылары да қатысуда.

– Түске дейін 16 маманның еңбек қорғау тақырыбындағы баяндамасы тыңдалып, олар көпшілікпен өз іс-тәжірибелерімен бөлісті. Семинардың негізгі мақсаты – теміржолшы еңбегінің қауіпсіздігі. Аса қауіпті аймақ саналатын салада түрлі тосын, қайғылы жағдайлар орын алып жатады. Осындай жағдайлардың қайталанбауын мұрат еткен семинар адам өмірінің құндылығы, нөлдік жарақат ұстанымына қол жеткізуге талпынысымен өзекті болмақ, – дейді Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің еңбек қорғау инженері Ғалымжан Пірішев.

*Суретті түсірген автор*

## 70 ЖЫЛДЫҒЫ АТАЛЫП ӨТЕДІ

**Ерман ӘБДИЕВ,**  
Жамбыл



Биыл Сарышаған станциясының 70 жылдығы аталып өтпек. Станцияның құрылысы Шу – Мойынты телімінің құрылысымен қатар жүргізілген.

Сондықтан Шу – Мойынты телімінің пайдалануға берілгеніне 70 жыл толатын биылғы жылы станция да өз мерейтойына дайындалуда. Жалпы, Сарышаған кенті Қарағанды облысына қарағанымен, ондағы теміржол мекемелері түгел дерлік Жамбыл бөлімшесіне қарайды.

Кешегі күні станциядағы барлық теміржол мекемелерінің басшылары, кент әкімшілігі мен ақсақалдар алқасы бас қосып, атаулы күнді атап өту жөнінде кеңесті. – Станцияның 70 жылдығы тамыз айының алғашқы демалысы – Теміржолшылар күні аталып өтетін болды. Келісім бойынша Балқаш көлінің жағасына киіз үйлер тігіліп, ұлттық ойындар ұйымдастырылады. Іс-шараға ардагерлер мен еңбек адамдары шақырылып, марапатталады, – дейді Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі директорының Шу өңірі бойынша орынбасары Азизхан Қалыбаев.

## ІЗГІЛІК АМАЛДАРЫН ЖАСАДЫ

**Арсен БАЙЗАҚ,**  
Тараз



Биылғы құрбан айттың бірінші күні жамбылдық теміржол мекемелері құрбан шалып, әлеуметтік жағынан әлсіз отбасыларға таратып берді.

Ал екінші күні Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі және Жамбыл магистральдық желі бөлімшесінің қызметкерлері «Ақ орда» дәмханасында дастархан жайып, құран оқытты.

– Бұған дейін Жамбыл жол, электрмен жабдықтау, белгі беру және байланыс дистанциялары құрбан шалып таратса, Жамбыл вагон пайдалану депосының ұжымы бір көп балалы отбасын әлеуметтік пакетпен қамтамасыз етті. Жалпы, ізгілік амалдарын жасайтын мерекеде қайырымдылық – сауатты іс, – дейді Жамбыл ЖТ бөлімшесінің директоры Молдахмет Қожабеков.

## «АУЫЛ АМАНАТЫ» ЖОБАСЫНЫҢ АУҚЫМЫ КЕН

Теміржолшылардың да кәсіппен айналысуға мүмкіндігі бар. «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Батыс аймақтық филиалының директоры Бөріхан Беркімбаев Ақтөбе облысының әкімі Ералы Тоғжановпен бірге аймақтағы станцияларды аралап, теміржолшыларды «Ауыл аманаты» жобасының мүмкіндіктерімен таныстырды.

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе

Аймақтағы қос басшы, облыс әкімі мен салалық ведомство жетекшісінің бірге ел аралауы жергілікті теміржолшы халық үшін де тиімді болды, барлық станцияда тұрғындармен кездесулер өтіп, шағым-тілектері тыңдалды. Ауылдағы елдің жайымен танысқан өңір басшысы әр адам ауқатты тұруға тырысуы керектігін айтты. Теміржолшыларды «Ауыл аманаты» жобасы мүмкіндіктерін пайдалануға шақырды. Кепілге қоятын мүлкі жоқ ауыл азаматтарының жағдайын жақсартуға бағытталған жобаның тиімділігін тәптіштей түсіндірді.

– Жағдайы жоқ азаматтарға тауарлы несие ешқандай кепілсіз беріліп жатыр. 3 мың 700 малды тұрмысы төмен халыққа

таратып бердік. Бірінші жыл демалыс. Екінші жылдан бастап малдың төлімен қайтарады. Он сиыр алса, жылда төрт бұзаудан қайтара алады. Ешқандай кепілсіз, ақшасыз тауарлы несие алу мүмкіндігі жасалып отыр. Жұмыс істеуге ниет білдірген барлық азаматты қолдаймыз. Болашақ – орта және шағын бизнесте. Мұнаймыз бар кезінде бұл жұмыстарды жайлап жобаға қойып алуымыз керек. Бұл жерде жобаға қатысушы жұмыс жасамау керек деген талап жоқ. Жұмысыңды да істе, бос уақытта кәсіп ашып, шаруанды да жүргіз, сондықтан теміржолшыларға да берілетін мүмкіндік, – деді Ақтөбе облысының әкімі Ералы Тоғжанов.

Облыс басшысы «Ауыл аманаты» жобасы аясында теміржолшыларға 2,5 пайызбен несие беруге мүмкіндік жасалатынын,



олар 8 миллион теңгеге дейін қаржы алып, ауласына жылыжай салып, қорасына мал, құс өсіре алатынын жеткізді. Мемлекет басшысының тапсырмасына орай бұл жобамен несие алғандарға бірінші жыл демалыс, яғни төлемейді.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Батыс аймақтық филиалының директоры Бөріхан Беркімбаев ауылды, ауыл азаматтарының өмірін жақсартуға бағытталған жоба теміржолшылар арасында кеңінен түсіндіріліп, насихаттала бастағанын айтты. Ауыл тұрғындары ауласынан кәсіп ашып, тұрмысын түзей алатын жобаға қызығушылық танытуда екен.

Сонымен қатар Қарауылкелді станциясының тұрғындары аймақтың екі бірдей басшысының

келген сапарын пайдаланып, теміржол бойынан жаяу жүргіншілерге арналған көпір салу мәселесін көтерді. Ауыл балалары мектепке қатынау үшін темір жолды кесіп өтіп жүр. Қауіп-қатердің алдын алу үшін ауыл ақсақалдары өткел салу өзекті мәселе екенін ескертті.

Бөріхан Сматауллаұлы Ұлттық компания тарапынан мұндай ұсыныстарға кедергі жоқ екенін, жоба құрылысын сызып беруге дайын екендерін айтты. Шамамен көпір құрылысына 85-90 миллион теңге жобасында қаржы кететіні ескерілді. Ұсынысты қолдаған облыс әкімі жауапты мамандарға құрылыс жұмыстары үшін қаржы қарастыруға тапсырма берді.

*Суретті түсірген автор*

## ӨТКІЗУ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРА ТҮСПЕК

Маңғыстау түбегіндегі Ақтау портының соңғы жылдары қызмет қарқыны артып отыр. Порт Транскаспийлік халықаралық көлік бағдары арқылы тасымалданатын жүкті теңіз арқылы сыртқы елдерге шығаруда маңызды рөл атқаруда. Соған орай порттан тиеліп жөнелтілетін жүк көлемі де артқан.

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**  
Астана

Бүгінгі таңда Ақтау портында инвестициялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асырумен байланысты порттың өткізу қабілетін кеңейтуге қатысты шаруалар легі жүзеге асырылуда. Солардың бастапқысы – порт базасында контейнерлік хаб құрылысын салу. Бұл құрылыс «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы, Ақтау және Құрық порттары базасында «контейнерлік хаб» құру және жүк тасымалының бағытын Ақтау және Құрық порттарына өзгерту жөніндегі жұмыс жоспары сияқты мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Ақтау порты негізінде контейнерлік хаб құру бойынша шаралар шегінде жүзеге асырылуда.

Хабтың салынуы теңіз контейнерлерін кері тиеуді қамтамасыз ету есебінен жүктерді теміржол вагонынан контейнерлерге қайта тиеу алаңын, халықаралық жүк тасымалдау желілерінің контейнерлерін тарту және сақтау орындарын құру арқылы осы мәселелердің бір бөлігін шешетін болады. Сайып

келгенде, мұның бәрі клиенттерге өз жүгін портқа дейін автокөлікпен де, теміржол жылжымалы құрамымен де жеткізіп, одан әрі жүктерді контейнерлермен жөнелту үшін қолайлы жағдай тудырмақ. Сонымен қатар контейнер хабында контейнерлерді (VGM) өлшеу, сертификаттау, жөндеу, сақтау сияқты қосымша сервистер көрсетілетін болады.

Биыл «Ақтау порты базасында контейнерлік хаб салу» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу жоспарлануда. Жоба әлеуетті инвестормен бірлескен кәсіпорын форматында жүзеге асырылады деп күтілуде. Жоба 2025 жылы іске аспақ.

Келесі іс-шара, Ақтау портының №12 аймағын №3 аймақты ұзарта отырып, қайта құрылымдау. Бұл іс-шара контейнерлік жүктерді өңдеуге арналған контейнерлік хабтың жобалық қуатына қол жеткізу, сондай-ақ сусымалы және жалпы жүктерді ауыстырып тиеу үшін аймақтың өткізу қабілетін арттыру мақсатында қажет. Осы ретте контейнерлерді өңдеу үшін №1 және №2 құрғақ жүк аймақтары толығымен пайдаланылмақ. Ал жоғарыда көрсетілген шаруа атқарылғанда,

ол №1 және №2 аймақтар арқылы контейнерлік жүктерді бір мезгілде ауыстырып тиеуге және қайта құрылымдаудан өткен №3 және №12 аймақтар арқылы жалпы жүктердің басқа түрлерін ауыстырып тиеуге мүмкіндік бермек. Бұл жоба қаржы қаражаты есебінен жүзеге аспақ. Биыл «Ақтау портының №12 аймағын №3 аймақты ұзарта арқылы қайта жаңарту» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленіп, жоба 2023-2025 жылдар аралығында іске асырылады деп күтілуде.

Айта кетейік, өткен жылы Ақтау порты арқылы 3 млн 818 мың тонна жүк, оның ішінде 2462 мың тонна мұнай, 447 мың тонна астық, 119 мың тонна металл, 786 мың тонна түрлі жүктер, соның ішінде 30 708 мың ЖФЭ және 4 мың тонна паром тиеліп жөнелтілген. Контейнерлік жүктерге келсек, жалпы контейнерлік көлемінің 33%-ы, яғни 10 056 ЖФЭ экспортқа шығарыла, транзиттік 11 853 ЖФЭ жалпы контейнерлер көлемінің 39%-ын құраған. Ал пароммен экспортталған 150 ЖФЭ жалпы контейнерлер көлемінің 0,4%-ын құрап отыр.

## МАНЕВРЛІК ЖҰМЫСТЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР



Әр тәулігі қарбаласқа толы Семей ЖТ бөлімшесінің тораптық станциялары үшін маневрлік жұмыстардың маңыздылығы жоғары болып тұр. Оған себеп те жоқ емес. Жазғы көмір тасымалының күрт қарқын алуы, Жарма өңіріндегі күрделі жөндеулерге байланысты жүк пойыздарын жол айрықтарында бөгемеу, қала маңы тасымалы бойынша жаңадан қосылған жолаушылар пойыздарын кестеден кешіктірмеу сынды жауапты міндеттер тұр.

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**  
Семей

Соның ішінде Жаңа-Семей және Семей станциялары бойынша пойыз құрастыру, сонымен қатар тастанды пойыздарды болдырмау шаралары да күн тәртібіне шығып отыр. Осы орайда семейлік қозғалысшылар қауымына айтарлықтай жауапкершілік жүктелген. Атап айтсақ, қазіргідей қауырт шақта маневрлік жұмыстарды жедел әрі сапалы түрде орындау қажет. Оның ішінде пойыздарды берілген уақыт ішінде өңдеу, жүк жөнелтушіден жүк жіберушіге дейінгі аралықтағы уақытта маневрлік тепловоздарды уақыт пен жанармай шығынысыз, үнемдеп, ұтымды пайдалану басымды орында тұр. Бұл ретте Семей өңірінде күрделі ахуал орнаған деуге болады. Алайда, соңғы тәуліктерде жергілікті теміржолшылар қауымы батыл әрі ұқымдасқан жұмыс жүргізіп,



қалыптасқан жағдайдан шыға білді. Мәселен, ағымдағы жылдың 22 маусымынан 23-не дейінгі аралықта бір ғана тораптық Семей станциясында барлығы 11 пойыз құрастырылыпты. Ал жөнелтілуге 12 пойыз шығарылып, тағы 12 пойыз берілген кесте бойынша өз бағыттымен аттандырылған. Жүк тиеу бойынша да жоспар

артығымен орындалды. Бұл орайда РЦУП-2 Алматы пойыз диспетчерлерінің де елеулі үлесі бар екенін айта кеткен жөн. Әйтсе де, Семей станциясының маневрлік диспетчері, маневрлік тепловоз машинистерінің еңбегі зор. Станция басында пойыз құрастыру, жолға даярлау ісінде шеберлік көрсеткен ТЧЭ-24 ме-

кемесінің бес машинисі және техникалық қадағалау пунктіннің аға вагон қараушысының айрықша қызметтері жоғары бағаланып, бөлімшенің басшысы Владимир Бабиченконың атынан Алғыс хат алып, мерейі өсті.


Бұл семейлік қозғалысшылар қауымының мейлінше қауырт қызметінің әрі соған қарамастан маневрлік жұмыстарды сапалы жүргізудегі жетістігін айғақтаса керек.

Бөлімше басшылығының сөзіне сүйенсек, қауырт әрі күрделі болғанына қарамастан өткен аптаның ішінде, яғни 19-25 маусым күндері аралығында бөлімше бойынша 321 755 тонна жүк тасымалданып, 13 617 жолаушы аттанған. Мұның барлығы – әлбетте бірінші кезекте өндіріс барысында маневрлік жұмыстарды сауатты атқарып, жүйелі түрде жолға қоя білген станциялық қозғалыс қызметі мамандарының еңбегі.

*Суретті түсірген автор*



## НА ПУТИ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ



СОТРУДНИЧЕСТВО

**В Алматинском отделении грузовых перевозок состоялась встреча руководства ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» и ООО «Урумчийская железная дорога».**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**  
Алматы

Встреча началась с посещения Регионального центра управления движением поездов и инфраструктуры Юго-восточного управления, диспетчерских кругов, гарантийных плеч локомотивов и вагонов.

РЦУП-2 объединяет Алматинское, Шымкентское, Жамбылское и Семейское отделения, общая протяженность путей составляет 4 830 километров, из них двухпутных и электрифицированных – 1 378. Также имеется 317 раздельных пунктов, в том числе 12 внеклассных и 10 станций первого класса.

Участники встречи рассмотрели все 23 диспетчерских круга: Семей – шесть, Алматы – семь, Жамбыл – шесть, Шымкент – четыре, оценив технологический процесс работы РЦУП-2.

Стоит отметить, что РЦУП-2 является интегрированной системой мониторинга перевозочного процесса и диспетчерского

управления, где целью ставится не автоматизация отдельных рабочих мест функций и элементов технологий, а разработка сквозных комплексных информационно-технологических «вертикалей» управления перевозочным процессом. Это, бесспорно, позволяет увеличить эффективность управления, при этом снижая эксплуатационные затраты.

Здесь имеется четыре внутренних и пять межгосударственных стыков с Российской и Китайской железной дорогой.

В ходе встречи директор Алматинского отделения грузовых перевозок Нурым Жаниязов подчеркнул, что отделение является одним из лидирующих транспортных предприятий, где формируются грузы и перевозки.

Также в ходе встречи было отмечено, что общий грузооборот по сдаче и приему в/из КНР по станции Достык, при плане ОСЖД 126 386 вагонов, фактическое выполнение

составило 171 530, или 136%.

По сравнению с аналогичным периодом 2022 года, выполнение в текущем году увеличено на 19%. Что касается перехода Алтынколь – Хоргос, то, по сравнению с аналогичным периодом 2022 года, грузооборот увеличился на 26 822 вагона.


При плане 116 902 вагона фактическое выполнение составило 167 434, что больше планового задания на 50 532 вагона.

Далее коллеги из Китая посетили Академию логистики и транспорта, которая готовит будущих специалистов для транспортно-коммуникационного комплекса, посетили лабораторию и ознакомились с учебным процессом. Посмотрели Алматинское эксплуатационное вагонное депо, ознакомились с технологическим процессом предприятия, оценив кабинет для проведения технических занятий.

Фото автора



## КАЧЕСТВЕННАЯ УСЛУГА УВЕЛИЧИВАЕТ СПРОС



СЕРВИС

**Новую интермодальную услугу запустил АО «Пассажирские перевозки». Благодаря нововведению пассажиры смогут с комфортом добраться из города Косшы до столичного аэропорта и вокзала на микроавтобусах.**

**Айлин БАУРЖАН,**  
Астана

В рамках проводимой работы по организации интермодальных перевозок «Поезд + Самолет» АО «Пассажирские перевозки» совместно с компанией «UVU», международным аэропортом и акиматом города Косшы в эти дни в пилотном режиме запустили

услугу «Регулярный шаттл».

В рамках данного проекта предусматривается ежедневная перевозка пассажиров комфортабельными микроавтобусами по маршруту город Косшы – Международный аэропорт Нурсултан Назарбаев – Железнодорожный вокзальный комплекс Нурлы жол.

Регулярный шаттл будет еже-

дневно отправляться в 08.30 утра с вокзала в аэропорт и город Косшы, в 09.10 утра – из аэропорта в город Косшы, в 16.30 – из города Косшы в аэропорт и вокзал, в 17.10 – из аэропорта на вокзал. Для удобства пассажиров автотранспорт будет ожидать на привокзальной площади, в аэропорту – на первой линии парковки терминала № 2 и в

городе Косшы – у теплой остановки торговый дом «Айгерим». Стоимость услуги будет составлять 950 тенге.

Напомним, что в рамках развития интермодальных перевозок АО «Пассажирские перевозки» ранее организовало услуги «Поезд с пересадкой», «От перрона до дома» и «Заказной автобус».

Фото Александра ЖАБЧУКА



## «ПЕРВАЯ ЛИНИЯ»: ПОСТОЯННОЕ РАЗВИТИЕ

(Окончание. Начало на 1-й стр.)

Разработчики Программы обучения тщательно изучили вопросы и пожелания главных инженеров и включили в третий завершающий модуль новые подходы для развития как профессиональных, так и личностно-деловых компетенций. Пять дней пролетели в полной деловой активности: тренинги по андрагогике, управлению командой, эмоциональному интеллекту, управлению конфликтами дополнялись бизнес-завтраком с заместителем председателя правления АО «НК «КТЖ», вечерней синекологией, интеллектуальной игрой «Квиз» и инфосессиями по оплате труда, работе закупочного блока, обучающим мероприятиям филиала АО «НК «КТЖ» – «Центр оценки и развития персонала железнодорожного транспорта».

Заставил волноваться и испытать переживания последний день, когда восемь групп главных инженеров защищали кейсы по несчастным случаям, используя новые инструменты и знания, полученные во время обучения.

Содержательной и интересной была панельная сессия, посвященная роли главных инженеров на предприятиях и вопросам производственной безопасности и охраны труда с участием главного инженера филиала «Акмолинские МЭС» АО «KEGOC» Сакена Карабалаева, и. о. главного директора по производству АО «НАК «Казатомпром» Алии Акжоловой, исполнительного директора по техническим вопросам Дирекции магистральной сети Талгата Ибраемибаева и главного менеджера департамента технической политики ТОО «КТЖ – Грузовые



перевозки» Дулата Айдынбаева.

– Роль главного инженера в любой производственной компании всегда была существенной, именно главные инженеры – это первая линия, технический «мозг», производственной компании, такого рода модульное обучение показывает тренды в развитии инженеров. Инновации в деятельности инженеров являются основной движущей силой экономического и социального развития компании. И основными проводниками изменений является вы – первая линия – главные инженеры, – отметил в своей речи на церемонии закрытия программы обучения управляющий директор по связям с общественностью, социально-трудовым отношениям и охране труда АО «Самрук-Казына» Гибрат Ауганов и заверил, что на этом обучении и развитие главных инженеров не заканчивается, фонд готов оказывать поддержку для реализации их новых проектов во благо компании.

Руководитель аппарата АО «НК «КТЖ» Серик Кеулимжаев побла-

годарил железнодорожников за плодотворную работу в рамках обучения, а также представителей Samruk Business Academy и HR-блока за реализацию данного масштабного проекта.

– Вы получили много полезной информации. Здесь затрагивались вопросы охраны труда, техники безопасности и ключевых функциональных обязанностей главного инженера. Эти знания вы должны передать своим подчиненным на местах. Сейчас руководство компании уделяет особое внимание обеспечению работников спецодеждой, инструментами и улучшению санитарно-бытовых условий. И от вас зависит информированность руководителей о том, что необходимо работникам. Это ваша лидерская ответственность, – обратился к главным инженерам он.

В торжественной обстановке Серик Кеулимжаев и Гибрат Ауганов вручили главным инженерам сертификаты о завершении модульной программы обучения и прохождения курса по устойчивому развитию. Кроме того,

по итогам защиты проектов в группах слушатели отмечены в номинациях «Креативное решение», «Производственные отношения», «Бережливое производство», «Основы законодательства», «Культура безопасности труда», «Эффективные коммуникации», «Устойчивое развитие» и «Цифровые компетенции».

– Во время напутственной речи на старте программы обучения руководителю компании пообещало, что по его завершении мы станем другими, и сегодня мы можем подтвердить, что действительно изменились, получив новые знания. Мы прошли мини-МВА и конечно, мы каскадируем полученные знания на уровне своих работников. Уверен, если мы будем продолжать в том же духе, наша компания достигнет самых передовых успехов на рынке перевозок! – сказал в ответном слове главный инженер Кокшетауского отделения магистральной сети Анатолий Абдрахманов, поблагодарив от лица участников руководство АО «НК «КТЖ» и Samruk Business Academy.

Фото Александра ЖАБЧУКА

## «ХРОНОМЕТРАЖ» – В ПУНКТАХ ПРОПУСКА

**Любовь РОВБА,**  
Астана



АКТУАЛЬНО

**Для выявления потерь времени при прохождении грузов через приграничные пункты пропуска Мангистауской области представители СТК «KAZLOGISTICS» провели выездное мероприятие «Хронометраж».**

Эксперты Союза транспортников Казахстана промониторили порядок движения товаров и товаросопроводительных документов на станции Болашак, в морских портах Актау и Курык, а также на пункте пропуска «Темир-баба».

По итогам поездки будут подготовлены предложения по комплексному изучению транспортных проблем и выработаны решения по исключению барьеров, влияющих на упрощение процедуры прохождения грузов.

Союз транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS» ежегодно проводит республиканскую акцию «Хронометраж» на приграничных пунктах пропуска. Главная цель мероприятия – реализация мер по повышению позиции нашей страны в международном рейтинге эффективности логистики (LPI). Напомним, перед Казахстаном стоит задача до 2024 года подняться на 55-е место в LPI, немаловажную роль в котором играет внедрение новых технологий и цифровых решений в транспортной отрасли.

## НОВАЯ ТЕХНИКА ДЛЯ ПУТЕВЫХ РАБОТ

**Махаббат НЕГЕМБАЕВА,**  
Астана



РЕМОНТ ПУТИ

**Новая самоходная машина для перекладки рельсов ROBEL (Германия) пополнила парк техники ТОО «Темиржол жөндеу». С ее помощью уже проведены работы по смене рельсовой плети на участке Курколь – Коктобе.**

ТОО «Темиржол жөндеу» приобрело две единицы самоходных машин ROBEL, которые будут выполнять работы в ПМС Астана и ПМС Актобе.

Новую технику отличает высокая производительность при выполнении путеукладочных работ, в частности при укладке длиномерных рельсовых плетей. Гидравлические рельсозахватные механизмы захватывают головки рельсов и держат их надежно с защитой от кручения и падения, при движении машины производится автоматическое регулирование ширины колеи, а во время выезда на место выполнения работ и обратно несущая рама убирается в допустимый габарит машины за счет поворотной ходовой части.

С помощью машины ROBEL силами ПМС Астана уже осуществлена смена двух пар рельсовых плетей и сварка шести стыков, в том числе и первого клееболтового стыка, на участке Курколь – Коктобе в Павлодарском регионе. Работы выполнены за четыре часа с привлечением минимального количества людей, так как стали менее трудозатратны.

Фото автора



## В ПОЛОСЕ ПОВЫШЕННОЙ ОПАСНОСТИ

**Аслан КУДАБАЕВ,**  
Костанай



УЧЕНИЕ

**На станции Кушмурун Костанайского региона прошли противопожарные учения по тушению пожара в полосе отвода.**

Тренировки по ликвидации очага возгорания в полосе отвода проводились с привлечением пожарного поезда станции Кушмурун, ГУ «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ» ДЧС Костанайской области, формирования звеньев гражданской защиты станции Кушмурун.

По тактическому замыслу, в результате неосторожного обращения с огнем сторонних лиц произошло возгорание в полосе отвода по станции Кушмурун. На место возгорания немедленно прибыли сотрудники вышеперечисленных подразделений. В считанные минуты пожарным удалось локализовать возгорание, а затем и полностью его ликвидировать.

– Цель таких учений – отработка взаимодействия между ГУ «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ» ДЧС Костанайской области, АО «НК «Қазақстан темір жолы», проверка готовности формирований привлекаемых для тушения пожаров, – говорит начальник негосударственной железнодорожной противопожарной службы Султан Смамбаев. – А также обучение личного состава оценке обстановки пожаров в полосе отвода, определению решающего направления на пожаре, организации тушения пожара в сложных условиях и управлении личным составом при работе в боевой обстановке.

Всего в учениях принимали участие более 70 человек, шесть единиц техники. По итогам данных учений, руководством была дана положительная оценка.



## КАДРДЫҢ ҚАДІРІН БІЛГЕН ЖАН

**Атырау магистральдық желі бөлімшесінде кадрлар бөлімін басқаратын Анар Жалғасбаева жиырма жылға жуық осы қызметті абыроймен атқарып келеді. «Теміржолшы – қауіпті де жауапты ерекше кәсіп иесі. Сол себепті әр еңбек адамы мен үшін қымбат», – дейді ол.**



Персоналды басқару, яғни кадр бөлімінің басшысы – қандай да бір кәсіпорындағы негізгі мамандық. Қызметкерді жұмыс орнына қабылдау, ауыстыру, жұмыстан босату, біліктілігін арттыру, демалыстарын рәсімдеу, ынталандыру, т.б. функционалды міндетін атқарумен қатар, Анар сияқты жүрегі жұмысқа, жаны таза кадр қызметкерлері әр адаммен тонның ішкі бауындай жақын қарым-қатынас орната білсе, нұр үстіне нұр. Әрине темір жол, соның ішінде магистральдық желі – көп тармақты мекеме, құрылымдық бөлімдері де аз емес. Оның әрқайсысында жүздеген

Сондықтан көпшілік персоналмен жақсы таныс, жағдайларын да жақсы біледі. Сонымен қатар Анар құрылымдық кадр бөлімі басшыларымен тығыз қарым-қатынас орнатып, кадр мәселесіне қатысты орын алып жатқан жаңалықтар мен өзгерістерден хабардар болып, реті келсе ақылдасып, талқыға салып отыруды да ұмытпайды.

Анар Амантайқызы Атырау мұнай-газ институтын «Экономика және менеджмент» мамандығы бойынша бітіріп, темір жолдағы еңбек жолын есепші болып бастаған. Кейін жетекші инженер, персоналды басқару бөлімінің менеджері, одан басшысы болып күні бүгінге дейін қызмет атқарып келеді. «Үздік маман», «Адал еңбегі үшін» төсбелгісінің, «Үздік басшы» дипломының иегері. Биылғы жылы «Теміржол – менің тағдырым» байқауына қатысып, бақ сынады.

Ал үйде төрт баланың анасы үшін жұмыс жетеді. Отбасының түтіні түзу шығып, өсіп келе жатқан ұл-қыздары жақсы азамат болып өссін дейтін барша қазақ әйелінің тілегі – Анардың да тілегі.

**Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау**  
*Суретті түсірген автор*

## ДЕТСКИЙ ПОЕЗД ЗАВЕРШИЛ ПЕРВЫЙ РЕЙС

**Детский поезд «Туған елге саяхат» завершил первый рейс. 200 юных путешественников вернулись в Астану. За 10 дней ребята побывали в красивейших и исторических городах родного Казахстана.**

Каждый город запомнился детям по-своему. Маршрут первого заезда прошел по городам: Астана – Байконур – Туркестан – Алматы – Курорт Боровое – Астана.

– Дети вернулись вдохновленные – и это, пожалуй, лучшая оценка проекта. Мы старались проработать максимально интересные маршруты, показать детям самые значимые точки страны, – отмечает генеральный директор Фонда развития социальных проектов «Samruk-Kazyna Trust» Альфия Адиева.

Экскурсионный тур начался в столице, куда многие участники попали в первый раз.

Гульнар Курмет работает в Шортанды в АО «Қазпочта» пять лет, ее 11-летняя дочь в первый раз выехала за пределы родного села.

– Моя дочь в полном восторге от поездки, каждый день мы созванивались, и она каждый день описывала все увиденное и рассказывала, что ей нравится в поездке, города, новые друзья и вообще все. Сказала, что это лучшие каникулы в ее жизни. Я очень благодарна «Самрук-Қазына» за эту великолепную возможность для детей – исполнять их мечты, – говорит Гульнар Курмет.

Ребята получили отличную возможность увидеть исторические и



красивейшие места своей Родины. Например, в городе Байконуре дети посетили мемориальный комплекс «Коркыт-ата», увидели Музей истории космодрома Байконур и даже запустили макет ракеты.

Асланбек Жанахметов тоже очень счастлив, что попал в ряды участников проекта, его родители трудятся в АО «Қазақтелеком».

– Мне больше всего понравился Туркестан, я был здесь впервые и не ожидал, что будет настолько круто! Все очень красиво построено, такая архитектура! За время путешествия я обрел новых друзей и получил очень много знаний по географии и истории. Мы играли в национальные игры, учили английский, отгадывали квесты, классно провели время, – поделился впечатлениями он.

Следующие две поездки в рамках проекта охватят еще 400 школьников.

**Асель ШАЙХЫНОВА**  
*Фото Александра ЖАБЧУКА*

## ҒАСЫР ЖАСАҒАН ҒИМАРАТ



**Арыс қаласында іргетасы 1900 жылы қаланған ескі ғимарат мызғымай берік тұр. Бүгінде қалалық музей орналасқан ғимарат Орынбор – Ташкент темір жолы тартылған тұста салынып, Арыс станциясы бастығының кеңсесі болыпты.**



жұмыстар, әдістемелік жұмыстар, іс-шаралар, көрмелер, дәрістер, саяхаттар ұйымдастырылады.

Музей директоры Сарбасова Айгүл Әбдірайымқызының айтуынша, музей айна 800-900 адамға, жылына 10 000 жуық адамға қызмет көрсетеді. «Арыс тарихын сөз еткенде теміржол алдымен айтылады. Себебі, жер-

гілікті халық 120 жылдан бері теміржолмен біте қайнасқан, мұнда негізгі кәсіп те теміржолшы. Осы тұрғыдан алғанда біздің музей теміржол бойындағы ең көне ғимаратта орналасуының өзінде ерекше бір заңдылық бар сияқты», – дейді музей басшысы.

**Сабира БАЙЗАХОВА, Шымкент**  
*Суретті түсірген автор*

Кейіннен ғимаратта Андреев атындағы жеті жылдық мектеп, №21 теміржол мектебі, 1954 жылдан бастап жұмысшы жастардың кешкі мектебі, жол-техникалық мектеп, музыка мектептері жұмыс істеп, 2001 жылдан бастап «Арыс қаласының музейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны қарамағына берілген.

Музей – өткен дәуірдің мәдени және рухани, құнды мұраларын келер ұрпаққа, көпшілікке таныстырып, насихаттау қызметін

атқаратын, өткенді бүгінмен, бүгінді болашақпен жалғастырушы тарихи орын десек, теміржолшылар қаласындағы жәдігерлер орны бұл миссиясын абыроймен атқарып отырғанына талас жоқ. Музейде көне Арыс тарихы, қазақ даласына тартылған теміржолдың қалыптасу кезеңдері, теміржол саласына еңбегі сіңген тұлғалар, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Арыс станциясы, этнография, көрме залдары бар. Жоспарға сәйкес мұражайда экспозициялық

## Спорт

### РЕКОРД УЛЬТРАМАРАФОНА – У ГАУХАР ТОЛЬБАЕВОЙ!

**Железнодорожница из Атырау Гаухар Толыбаева побила рекорд трассы суточного ультрамарафона Self-Transcendence в столице, преодолев дистанцию в 160 километров.**

Забег собрал в центральном парке Астаны любителей спорта со всего Казахстана. АО «НҚ «ҚТЖ» на соревнованиях представила оператор вагонного парка Атырауского эксплуатационного вагонного депо Гаухар Толыбаева.

На выбор участникам VIII ультрамарафона Self-Transcendence предлагалось три варианта забега: суточный (24 часа), шестичасовой и на дистанции 100 километров.

Спортсменка-железнодорожница решила проверить силы на самом продолжительном и сложном из предложенных этапов – 24-часовом. Гаухар Толыбаева увлекается спортом с юных лет, а легкой атлетикой и бегом – с 2016 года. Первые



успехи не заставили себя ждать – она является призером городских, областных и отраслевых соревнований. Впервые полную марафонскую дистанцию в 42 километра Гаухар преодолела в прошлом году на марафоне ҚТЖ, а сейчас покорила новую вершину – завоевала «золото» престижного республиканского состязания Self-Transcendence. Ее результат в 160 километров стал рекордным на трассе суточного

ультрамарафона среди женщин. Этот успех – результат регулярных тренировок, выносливости, упорства и воли к победе.

– Как и у других спортсменов, у меня были предстартовые волнения. Даже в ночь перед забегом было трудно заснуть, послала всего пару часов. Однако старт дался легко, даже не заметила прохождения 100 километров. Все это время меня поочередно сопровождали коллеги из

центрального офиса ҚТЖ, что придавало сил, – вспоминает день забега Гаухар Толыбаева.

На протяжении суточного ультрамарафона железнодорожница прерывала бег лишь на 15 минут – для смены одежды и обуви. Чтобы не терять времени, перекусывала Гаухар на ходу – семечка бег на шаг.

– Природа в тот день одарила нас прекрасной погодой – не было жары. К ночи уже появилась небольшая усталость, но при этом легко далось отсутствие сна – так как я сменный работник и тружусь как в дневные, так и в ночные смены. Конечно, очень рада достигнутому результату – своей победе. Благодарю коллег и организаторов за поддержку. А всем, кто хочет попробовать ультрамарафон и сомневается, думаю, нужно решиться и преодолеть самого себя! – поделилась победительница Self-Transcendence.

**Любовь РОВБА**  
*Фото автора*

## ӨЗ ЖАТТЫҒУ ЗАЛЫ БАР

**Ел шығысындағы Аягөз станциясында теміржолшылар қауымы үшін қуанышты жаңалық болды. Аягөз локомотив пайдалану депосы бас ғимаратының жергөлесінен жергілікті сала қызметкерлеріне арналып спорттық жаттығу залы ашылды.**

Аягөз өңірінде мұндай елеулі жаңалықтың орын алмағанына көп болған еді. Оның үстіне дәл осындай спорттық инвентардың түр-түрімен молынан жабдықталған тамаша жаттығу залы тек депо емес, жергілікті теміржолшылар үшін айтулы оқиға болғаны анық. Сондықтан да болар, қуанышты шараға теміржолшылар қауымы мен

Аягөз шаһарындағы теміржол мекемелерінің басшылары толық жиналды.

Жаттығу залының ашылу салтанатында қазақы дәстүрмен шашу шашылып, ақжарма тілектер айтылды. Депо басшысы мен кәсіподақ ұйымының төрағасы лента кылып, атшаптырым залдың есігі көпшілікке айқара ашылды. Көпшілік осынау игілікті істің



бастамашысы болған ТЧЭ-25 басшысы Алмас Жанатқалиұлы мен Ғалинұр Мырзашев бастаған

салалық кәсіподақ ұйымының белсенділеріне ризашылықтарын білдіріп жатты. Арнайы жабдықталған үлкен залды аралап көріп, заманауи спорттық тренажерлардың түр-түрімен танысып, тамашалағандар қатарында әсіресе машинистер мээ-мейрам. Жұмыстан соң, сапар алдында дененің қурыс-тырысын жазып, сергіп алуға мүмкіндік мол. Сондай-ақ қан айналымын арттырып, белге түскен салмақтан да арылуға болады. Бастысы, салауатты өмір салтын қалыптастыруда теміржолшылар қауымы үшін елеулі қадам жасалды.

**Абай ЕРТІС, Семей**  
*Суретті түсірген автор*

## ВЕРНУЛИСЬ С ПОБЕДОЙ ДОМОЙ

**Дружная и спортивная семья железнодорожников из Караганды стала победителем в конкурсе «Мама, папа, я – дружная семья».**



По словам ведущего экономиста планово-экономического отдела Карагандинского отделения ГП Ботагоз Абилюдиной, ей и супругу Жомарту Тулеушину, стационарному диспетчеру станции Жанауал, поступило предложение от инструктора по спорту Тағата Айманбетова на участие в республиканском конкурсе.

– Мы решили проверить себя на стойкость и испытать свои физические способности. Игровой комплекс состоял из полос препятствий, которые мы должны были пройти за минимальное количество времени (тоннели, мячи, канаты, импровизированные скалодромы), – делится своими впечатлениями Ботагоз Абилюдина. – Чтобы их преодолеть, пришлось выложиться по полной. Большой стимул к победе нам давал наш 12-летний сын Альгаир, который активно занимается спортом, и мы, как родители, должны были поддержать его.

Во время соревнования семья действовала сплоченно и быстро и, соответственно, показала лучшее время.

Всего в мероприятии приняли участие 19 семей из всех регионов Казахстана. Все соперники были физически подготовленными и достойно представили свои

структуры.

Как стало известно, семья железнодорожников ведет здоровый образ жизни. Глава семейства играет в теннис и волейбол, а супруга увлекается бегом, ходьбой и стретчингом. Последний вид спорта имеет целый комплекс специальных упражнений, направленных на совершенствование гибкости, развития подвижности в суставах и эластичности мышц, так что стройности Ботагоз можно только позавидовать. Семейную идилию дополняет Альгаир, который занимается дзюдо и футболом. Мальчик показывает в этих видах спорта отличные результаты и завоевывает призовые места. Вернувшуюся с победой из столицы Казахстана семью встречала группа поддержки – родные, коллеги и друзья. Они были на 100% уверены в победе этой замечательной семьи.

– Нам очень приятно познакомиться и пообщаться с нашими коллегами из других регионов. Мы благодарны нашей компании за этот конкурс и считаем, что такие мероприятия сплачивают коллектив и повышают корпоративный дух, – резюмировала Ботагоз.

**Светлана МОГАЙ, Караганда**  
*Фото автора*



Бас редактор  
**Дина Муздубаева**  
Бас редактордың орынбасары  
**Меруерт Өмірзақова**

**Газет басылатын қалалар:**  
Астана, Сілеті 30  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.  
«Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.  
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылмның таралымы 11 340**

**Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен  
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.  
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.  
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Кезекші редакторлар:**  
**Р. Рахметов, Р. Рахметова**

**Меншікті тілшілер:**

**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80  
**Атырау:** Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66  
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87  
**Маңғыстау:** Шакида Жұманова 8-707-886-72-45  
**Орал:** Анна Паничева 8-707-910-74-17  
**Қызылорда:** Сабыржан Надірбаев 8-778-409-78-59  
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53  
**Жамбыл:** Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73  
**Карағанды:** Светлана Могой 8-777-893-66-76  
**Қостанай:** Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00  
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-777-498-31-61  
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубая 8-702-843-27-97  
**Шымкент:** Сабира Байзахова 8-702-509-00-43

Редакцияның мекен-жайы:  
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.  
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**  
**Асель Распаева,**  
тел: 8 775 198 15 61,  
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.